

Шетелдік мамандар мен жұмысшылардың жұмыс орындарын уақытша басқаны үшін өтемақылық төлемдерді өндіріп алудың және оны жұмсаудың, шеттен әкелінетін және шетке шығарылатын жұмыс күші үшін кепілдік және кепілдеме жарналарды шоғырландырудың және оларды пайдаланудың тәртібі туралы НҰСҚАУЛЫҚ

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 1997 жылғы 18 шілдедегі N 113-П және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 1997 жылғы 11 шілдедегі N 17-5-18/5418. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 7 тамызда тіркелді. Тіркеу N 348. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2004 жылғы 4 қарашадағы N 256-ө бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы N 213 Заңына сәйкес, бұйырамын:

1. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрінің 1997 жылғы 18 шілдедегі N 113-ө "Шетелдік жұмыс күшін тарту және шетелге әкетуден алынатын кепілдік және кепілдемелік жарналарды шоғырландыру және пайдалану, шетелдік мамандар мен жұмыс күшіне жұмыс орындарын алмастыру үшін өтемақы төлемдерін төлеудің және алудың тәртібі туралы" Нұсқаулықты бекіту туралы" бұйрығы (мемлекеттік тіркеу тізілімінде 1997 жылғы 7 тамызда N 348 тіркелген) ...

М и н и с т р

ЕСКЕРТУ. Нұсқаулық атауы өзгертілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 1998.05.27. N 120 бұйрығымен .

I. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі Z952200_ Жарлығының және "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 1990 жылдың 15 желтоқсаны, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан жұмыс күшін шетелге шығаруға байланысты қызметке лицензия берудің тәртібі және шарттары туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 4 маусымда бекіткен N 924 P970924_

Ережесі негізінде жасалды.<*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгертілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 1998.05.27. N 120 V980089_ бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін әкелуге байланысты жұмыспен айналысатын лицензиярлар шетелдік мамандар мен жұмысшыларды жұмыс орындарына орналастырғаны үшін өтемақылық төлемдер төлеуге тиіс.

3 . < * >

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ алынып тасталды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 1998.05.27. N 120 V980089_ бұйрығымен.

3. Шетелдік мамандар мен жұмысшыларды тұратын еліне кепілдікпен қайтаруды қамтамасыз ету мақсатында лицензияттар шетелдік еңбекшінің әрқайсысы үшін банк салымдарына кепілдеме және кепілдік жарналарын салуға м і н д е т т і . < * >

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ 3-тармақ болып есептеліп, жаңа редакцияда жазылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 1998.05.27. N 120 V980089_ бұйрығымен.

4. Өтемақылық төлемдер, шартты және кепілдік жарналарды Қазақстан Республикасының еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі лицензия беру жөнінде шешім қабылдағаннан кейін лицензиат төлейтін болады. Көрсетілген төлемдерді аумақтық органның өкілетті лицензиаты жазған квитанциялар бойынша лицензиаттың өзі төлеп, банкке тапсыртады. Өтемақылық төлемдердің төленгеннің, сондай-ақ шартты және кепілдік жарналардың салымдарға енгізілгеннің растайтын құжаттарды, сонымен қатар банктегі есепшот келісімінің шартының көшірмесін лицензиат рұқсат алғанға дейін Қазақстан Республикасының еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне ұсынуға тиіс.<*>

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ 4-тармақ болып есептеліп, жаңа редакцияда жазылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 1998.05.27. N 120 V980089_ бұйрығымен.

5. Өтемақы төлемдерін, шартты және кепіл-жарналарды есептеудің дұрыстығына аумақтық органның өкілетті лицензиаты жауапты.<*>

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 1998.05.27. N 120 V980089_ бұйрығымен.

6. Жарналар мен жинақтардың дер уақытында толық төленуі жөнінде жауапкершілік лицензиатқа жүктеледі.<*>

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 1998.05.27. N 120 V980089_ бұйрығымен.

7. Осы нұсқаулықта белгіленген тәртіптің шетелдік мынадай азаматтарға қ а т ы с ы ж о қ :

Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық келісімдерге сәйкес құрылған мекемелерде жұмыс істейтін ғылым және мәдениет қайраткерлеріне;

Қазақстан Республикасының аумағында ресми түрде тіркелген діни ұйымдар мен қоғамдарда кәсіби қызметін атқаратын дін қайраткерлеріне;

демалыс уақытында өндірістік практикасын қазақстандық білім беру мекемелерінде өтіп жүрген студенттерге;

Қазақстан Республикасында акредиттелген тілшілер мен журналистер;

Қазақстан Республикасының Білім беру және мәдениет министрлігі жасасқан келісім шегінде қазақстандық жоғары білім беру мекемелерінде лекциялық курс оқу және басқа жұмыстар атқару үшін шақырылатын лекторлар мен н ұ с қ а у ш ы л а р ғ а ;

Қазақстандық теңіз және өзен кемелері экипаждарының мүшелеріне.<*>

Қазақстан Республикасының шет елдермен жасасқан мемлекетаралық және үкіметаралық келісімдері арқылы еңбекке орналасудың өзге де тәртібі белгіленген адамдарға .

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ 7-тармақ болып есептеліп, жаңа абзацпен толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 1998.05.27. N 120 V980089_ бұйрығымен .

II. Шетелдік мамандар мен жұмысшылардың жұмыс орындарын уақытша басқаны үшін өтемақылық төлемдерді өндіріп алудың тәртібі<*>

ЕСКЕРТУ. II-бөлімнің атауы өзгертілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 1998.05.27. N 120 V980089_ бұйрығымен.

1. Шетелдік мамандар мен жұмысшылардың жұмыс орындарын уақытша басқаны үшін өтемақылық төлемдердің мөлшерін есептеуге арналған лицензия берілген сәттегі заң тәртібімен белгіленген есептік көрсеткіштің мөлшері а л ы н а д ы . < * >

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгертілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 1998.05.27. N 120 V980089_ бұйрығымен.

2. Шетелдік мамандардың жұмыс орындарын уақытша басқаны үшін төлейтін өтемақылық төлемнің мөлшері әрбір адамға лицензияның беру мерзіміне қарай айына 3 есепті көрсеткіш есебінен және жұмысшылар үшін - айына 4 есепті көрсеткіш есебінен әрбір қызметкерге лицензия берілген мерзімнің әр айы үшін ө н д і р і л і п а л ы н а д ы .

Мәселен, егер лицензиат республикаға шетелден 40 маман мен 50 жұмысшыны 6 ай мерзімге әкелетін болса, онда өтемақының мөлшері лицензия берілген сол кездегі есептік көрсеткіш - есептеу көрсеткішінің ықпалдық маңызы теңге бойынша мынаны құрайды:

$(40 * 3 * 540 * 6) + (50 * 540 * 6)$ - Өтемақы төлемдерінің сомасы.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгертілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 1998.05.27. N 120 V980089_ бұйрығымен.

3. Еңбекпен қамтуға ықпал етудің мемлекеттік қорының шотына аударылады және жаңа жұмыс орындарын құруға және жұмыссыздық бойынша жәрдемақы төлеуге жұмсалады. < * >

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгертілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 1998.05.27. N 120 V980089_ бұйрығымен.

4 - 1 5 . < * >

ЕСКЕРТУ. 4-15 тармақтар алынып тасталды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 1998.05.27. N 120 V980089_ бұйрығымен.

III. Әкелінетін жұмыс күшіне салынатын кепілдеме және кепіл жарналарын шоғырландырудың және оны пайдаланудың тәртібі

ЕСКЕРТУ. III-бөлім қосылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 1998.05.27. N 120 V980089_ бұйрығымен.

1. Кепілдеме және кепіл жарналарын құрау үшін лицензиаттар республика банкерінің біріндегі арнайы банкілік депозиттерге өз атына салымдар салады. Бұл ретте банк пен лицензиар арасында жасалған банкілік салып келісімінде мұндай салымды немесе оның бір бөлігін лицензиат Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің жазбаша түрде беретін рұқсатынсыз пайдалана алмайтындығы міндетті түрде көзделеді. Банктің мұндай салымдар үшін төлейтін сыйақылары (мүддесі) лицензиаттың жеке меншігі болып саналады және ол теңге немесе валюта түрінде оның шотына аударылады.

2. Кепілдеме жарнасының мөлшері АҚШ-тың 1000 долларына бара бар сома және ол шетелдік валюта, не Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің сол салым салынған күнгі ресми курсы бойынша теңге түрінде салынады.

3. Кепілдеме жарнасы атаулы болып саналады және ол арнайы салынған шоттан сол арнап салынған мамандар немесе жұмысшылар өз еліне кеткеннен кейін кедендік тұрақты мөрі арқылы куәландырылған және Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне өткізілген тізім негізінде алынады.

4. Мыналар кепілдеме жарнасын төлеуден босатылады:
шетелдік мамандар мен жұмысшыларды ТМД елдеріне әкелетін лицензиаттар ;
шетелдік мамандар мен жұмысшыларды тегін көмек көрсету (қайырымдылық) үшін әкелетін лицензиаттар ;
шетелдік мамандарды инвесторлар - инвестицияланатын фирмалардың жеке тұлғалары және басшылары ретінде әкелетін лицензиаттар.

5. Кепілдеме жарнасының мөлшері өзі тұратын елге жақын жердегі аэропортқа дейінгі экономикалық класс билетінің бағасына қажетті шығындарды жабу үшін оның 20 процентін қосқандағы құнына тең болады. Мамандарды немесе жұмысшыларды ТМД елдерінен әкелген кезде кепілдеме жарнасының мөлшері елге жақын жердегі темір жол стансасына дейінгі билет құнын қажетті шығындарды жабу үшін оның 20 процентіне өсіргендегі бағамен тең болады.

Мәселен, егер лицензиат республикаға шетелдік 5 маманды немесе жұмысшыны әкелетін болса, кепілдікті жарна сомасы 5000 АҚШ долларына барабар болады. Бұл ретте егер қайту жолының авиабилеті 200 доллар тұратын болса, онда кепілдікті жарна сомасы 1200 долларды $[200 \text{ доллар} + (200 \text{ доллар} * 20\%)] * 5$ құрайды. Бұл жағдайда лицензиат арнайы депозит шотына 6200 АҚШ долларына бара-бар соманы салады.

6. Кепілдеме жарнасы мына реттерде:
шетелдік еңбеккердің қайту жолының билеті болса;
шетелдік жұмыс күшін әкелу үшін лицензиаттың өзінің жеке көлігі немесе жалға алған көлігі болған ретте;
лицензиат жұмыс күшін әкелу үшін көлік ұйымдарымен келісім жасасқан жағдайда салынбайды.

Бұл арада билеттердің, шарттардың, өз көлік құралы бар екенін растайтын құжаттардың көшірмелері лицензиарға беріледі.

7. Кепілдеме жарнасы лицензиаттың арнайы шотынан қолданылу мерзімі біткеннен кейін немесе шетелдік еңбекшілермен жасасқан контрактіні мерзімінен бұрын бұзғанда, оларда өз еліне қайтуға визасы болғанда (Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің жазбаша түрдегі рұқсаты болғанда) алынады.

8. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі соманың бір бөлігін беруге рұқсат беретіні сияқты оның тұтас сомасынан беруге де жазбаша түрде рұқсат береді.